

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы 26 қарашадағы № 98
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылы 27
қарашада № 35411 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде
медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:


1. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін
көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
21824 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан
Республикасының Кодексі 7-бабының 100) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген Тегін медициналық
көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

элеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 26 қарашадағы
№ 98 бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына
қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде
медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 100) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісі) жұмыскерлерін көтермелеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген

көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) мультипәндік топ – пациент ағзасының функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына қарай қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

4) медициналық көрсетілетін қызметтер – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

5) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

6) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қарым-қатынасты реттейтін мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі.

3. Денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін көтермелеу: осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес сараланған қосымша ақы түрінде бюджет және бюджеттен тыс қаражаттың қалыптасқан үнемделуі есебінен (бұдан әрі - қаражатты үнемдеу);

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінде

(бұдан әрі – МСАК субъектісі) қызмет нәтижелерінің ынталандырушы компонентінің (бұдан әрі – БК) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, жұмысты, оның ішінде айрықша күрделі және шұғыл жұмыстарды өте сапалы орындағаны үшін, бастама жасағаны, шығармашылық белсенділігі және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін жүргізіледі.

5. Денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін көтермелеу олардың қызметтерін бағалаудың нәтижелері бойынша:

1) медицина жұмыскерлеріне – осы Қағидалардың 2 және 3-тарауларына сәйкес денсаулық сақтау субъектісі қызметінің нәтижелерін бағалау бойынша тұрақты комиссия (бұдан әрі – комиссия);

2) медициналық емес білімі бар жұмыскерлерге (бұдан әрі – медициналық емес жұмыскерлер) – көтермелеу тәртібі осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің әлеуметтік жұмыскерлері мен психологтарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектісінің басшысы осы Қағидалардың 2-тарауына ұқсас айқындайды.

Медициналық емес жұмыскерлерді көтермелеу туралы ұсынымды денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған, қарамағындағы жұмыскерлердің лауазымдық міндеттерін орындау үшін жауапты адамдар және (немесе) денсаулық сақтау субъектісінің басшысы қалыптастырады.

6. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу мәселелерін қарау үшін комиссия құрылады, оның мүшелерінің жалпы саны тақ санды және кемінде бес адамды құрайды. Денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу мәселелерін қараған кезде комиссия мүшелерінің жалпы саны оның құрамының кемінде үштен екісін құрауы тиіс.

Мыналар комиссияның мүшелері болып табылады:

отырыста комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы денсаулық сақтау субъектісі басшысының орынбасарлары немесе бөлімше меңгерушілері қатарынан сайланатын төраға;

комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы сайланатын комиссия төрағасының орынбасары;

денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

кәсіподақ комитетінің өкілдері және денсаулық сақтау субъектісі жұмыскерлерінің жаппай дауыс беруі арқылы сайланатын денсаулық сақтау субъектісінің басқа да жұмыскерлері.

7. Комиссияның денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлеріне көтермелеу төлеу туралы шешімі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес отырыстың Хаттамасын толтыра отырып, ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Егер комиссия отырысына қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, комиссия шешімі қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда, комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданды деп есептеледі. Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның мүшесі жазбаша түрде баяндалған комиссия отырысының хаттамасына қоса берілетін ерекше пікірін қоса береді.

8. Денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін есепті кезеңде көтермелеу негізгі жалақыны төлеу кезінде есепті кезеңнен кейінгі айда жүргізіледі.

2-тарау. Қаражатты үнемдеудің есебінен сараланған қосымша ақы түрінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық жұмыскерлерін көтермелеу тәртібі

9. Денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін көтермелеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген денсаулық сақтау субъектісінің медицина жұмыскерлерінің қызметін бағалау өлшемшарттарының негізінде сараланған қосымша ақы түрінде қаражатты үнемдеу есебінен олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

10. Медицина жұмыскерлеріне сараланған қосымша ақы төлеу туралы шешімді Комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көтермелеу туралы ұсынымның негізінде есепті кезеңнен кейінгі айда қабылдайды.

11. Көтермелеу туралы ұсынымды денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған тұлғалар медицина жұмыскерлері көрсететін қызметтердің көлеміне қол жеткізуді және сапасын арттыруды үйлестіруді жүзеге асыру үшін есепті кезеңнен кейінгі айда комиссияның қарауына енгізеді.

12. Денсаулық сақтау субъектісінің басшысына сараланған қосымша ақы төлеу медицина жұмыскерлерінің (дәрігерлік персоналдың) кемінде 50% қамтыған жағдайда медицина жұмыскерлерінің (дәрігерлік персоналдың) сараланған қосымша ақысының орташа сомасынан 150%-дан аспайтын мөлшерде айқындалады.

13. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина жұмыскеріне есептік кезеңде:

- 1) қарастырылып отырған кезеңде осы жұмыскерден тәртіптік жаза алынбаса, бірақ оны қолдану сәтінен бастап екі айдан артық болмаса;
- 2) тиісті денсаулық сақтау субъектісінде кемінде бір ай жұмыс істесе;
- 3) сынақ мерзімі кезеңінде;
- 4) жыл сайынғы төленетін еңбек демаласын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес ай сайынғы есептік кезең мерзімінде демалыста күнтізбелік 14 күннен артық болған кезде;
- 5) күнтізбелік 14 күннен артық уақытша еңбекке жарамсыздығы кезінде;
- 6) есептік кезең аяқталғанға дейін жұмыстан шығарылған кезде сараланған қосымша ақы төленбейді.

14. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина жұмыскерінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінде айқындалған тәртіпте мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша есептік кезеңде анықталған бұзушылықтар бар болған жағдайда, оған сараланған қосымша ақы төлеуді денсаулық сақтау субъектісі басшысының шешімімен айқындалады.

15. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина жұмыскерінде Кодекстің 35-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Медициналық қызметтер

сапасының ішкі және сыртқы сараптамаларын ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіпте пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметін ішкі сараптаудың нәтижелері бойынша есептік кезеңде бұзышылықтар болған жағдайда, оған есептелген сараланған қосымша ақыны азайту комиссия шешімімен айқындалады, алайда есептелген сараланған қосымша ақыдан 50%-дан артық емес.

3-тарау. МСАК субъектісі қызметінің нәтижелерін ынталандырушы компонент қаражаты есебінен медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу тәртібі

16. МСАК субъектілері жұмыскерлерінің мынадай топтарына БК төленеді:

1) аумақтық учаске жағдайында мультитүрлік топтың құрамында қызмет көрсететін медицина жұмыскерлері:

жалпы практика дәрігерлері, учаскелік терапевттер және педиатрлар;

учаскелік қызметтің жалпы және кеңейтілген практика мейіргерлері (аға), аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін фельдшерлер;

аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін акушер-гинекологтар/акушерлер;

аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін әлеуметтік жұмыскерлер мен психологтар;

2) көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасына қол жеткізу үшін қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын медицина жұмыскерлері:

жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі;

дәрігерлік амбулаторияның (Дербес отбасылық денсаулық орталығының) басшысы;

бекітілген халықтың 8 аумақтық учаскесіне қызмет көрсететін МСАК субъектісінің басшысы (жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі лауазымы болмаған кезде);

жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің және (немесе) учаскелік қызметтің аға мейіргері.

17. МСАК субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу 1 балдың мәні 4,5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) ретінде айқындалатын 100 балдық балл жүйесі бойынша 4-қосымшаға сәйкес МСАК субъектісінің қызметі нәтижелерінің қол жеткізілген индикаторлары (бұдан әрі – БК индикаторлары) негізінде олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

18. Ана өлімі индикаторын есептеу есепті кезеңде бекітілген халық арасында ана өлімі жағдайлары болмаған кезде мынадай формула бойынша индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti1 = (Ui1.1 + Ui1.2 + Ui1.3 + Ui1.4) * Pr$$

$Ti1$ – «Ана өлімі» индикаторы бойынша жалпы балл саны,

Pr – Тоқсан ішінде учаскедегі жүкті әйелдердің коэффициенті.

$Ui1.1$ – «Жүктілік бойынша 10 аптаға дейінгі мерзімде ерте есепке қою» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui1.1 = Erp / Rp * 100\%$$

Erp – тоқсан ішінде жүктілік бойынша есепке алынған жүктілік мерзімі 10 апта 6 күнге дейінгі әйелдердің саны,

Rp – тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны

Нәтижесі:

50 % және одан жоғары – 7 балл

30-49 % - 4 балл

10-39 % - 1балл

10 % -дан төмен – 0 балл

$Ui1.2$ – «Жүктілік кезінде алғаш рет диагноз қойылған экстрагенитальды аурулары бар жүкті әйелдердің үлес салмағы (бұдан әрі – ЭГА)» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui1.2 = Pfe / Pe * 100 \%$$

Pfe – Жүктілік кезінде алғаш рет ЭГА диагнозы қойылған, тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны,

P_e – тоқсан ішінде есепке алынған ЭГА бар жүкті әйелдердің саны.

Нәтижесі:

20 %-ға дейін – 6 балл

20 %-дан астам – 0 балл

$U_{i1.3}$ — «Жүктілік бойынша есепке алынған, жүктілік алдындағы дайындықпен қамтылған әйелдердің үлесі» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$U_{i1.3} = P_p / P_g * 100 \%$$

P_p – Бұрын жүктілік алдындағы дайындықпен қамтылған, тоқсан ішінде жүктілік бойынша есепке алынған әйелдердің саны,

P_g – тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны

Нәтижесі:

30 % және одан жоғары - 6 балл

20-29 % - 4 балл

10-19 % - 2 балл

10 %-дан төмен – 0 балл

$U_{i1.4}$ – «Ауыр жағдайларда жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің емделіп шыққан жағдайларының саны (босанғаннан кейін 42 күнге дейін)» кіші индикаторы бойынша балл саны, мұндағы:

ауыр жағдайларда жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің емделіп шыққан жағдайлары болған кезде (босанғаннан кейін 42 күнге дейін) осы Қағидалардың 5-қосымшасының 1-кестесіне сәйкес нозология бойынша тоқсан ішінде – 0 балл,

ауыр жағдайларда жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің емделіп шыққан жағдайлары болмаған кезде (босанғаннан кейін 42 күнге дейін) осы Қағидалардың 5-қосымшасының 1-кестесіне сәйкес нозология бойынша тоқсан ішінде – 6 балл.

19. Есепті тоқсандағы учаскедегі жүкті әйелдердің санына байланысты ана өлімі индикаторының мәніне P_r түзету коэффициенті қолданылады:

1,0 – учаскеде 50 және одан да көп жүкті әйел,

- 0,8 – учаскеде 30-49 жүкті әйел,
- 0,6 – учаскеде 10-29 жүкті әйел,
- 0,4 – учаскеде 9 жүкті әйелден аз,
- 0 – учаскеде жүкті әйел жоқ.

20. Нәресте өлімі индикаторын есептеу осы Қағидалардың 5-қосымшасының 2-кестесіне сәйкес нозологияларды қоспағанда, МСАК деңгейінде алдын алу туралы ҚР ДСМ сарапшылары растаған нәресте өлімі жағдайлары болмаған жағдайда, есепті кезеңде мынадай формула бойынша кіші индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti2 = (Ui2.1 + Ui2.2) * Pc$$

$Ti2$ – «МСАК деңгейінде алдын алуға болатын нәресте өлімі» индикаторы бойынша жалпы балл саны,

Pc – тоқсан ішінде учаскеде 1 жасқа дейінгі балалар бойынша коэффициент.

$Ui2.1$ - «Босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте жаңа туған нәрестелерді патронажбен барумен қамту» индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui2.1 = PN / D * 100 \%$$

PN – босандыру ұйымынан тоқсан ішінде шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте патронажбен барумен қамтылған жаңа туған нәрестелер саны,

D – тоқсан ішінде стационардан шығарылған босанған әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % - 5 балл

70-79 % - 2 балл

70 %-дан төмен – 0 балл

$U2.2$ – «Жүктілік мерзімі бойынша пренаталдық скринингпен қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$U2.2 = Ps/P * 100 \%$$

Ps – тоқсан ішінде мерзімді пренатальды скринингтен өткен әйелдер саны,

P – тоқсан ішінде есепте тұрған жүкті әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % - 5 балл

70-79 % - 2 балл

70 % - дан төмен – 0 балл.

20.1. Нәресте өлімі индикаторының мәніне есепті тоқсандағы учаскеде 1 жасқа дейінгі балалардың санына байланысты P_c түзету коэффициенті қолданылады:

1,0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 50 және одан көп бала,

0,8 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 30-49 бала,

0,6 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 10-29 бала,

0,4 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 9 баладан аз,

0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі бала жоқ.

21. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңімен қамту индикаторын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$Ti3 = CM/N * 100 \%$$

CM – тоқсан ішінде МСАК-та аудиологиялық скринингтің 2 кезеңінен өткен 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны,

N – осы Қағидалардың 5-қосымшасының 3-кестесіне сәйкес аурулар бойынша тоқсан ішінде динамикалық байқаудағы балаларды қоспағанда, учаскеде бекітілген 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны (кеткендерді ескере отырып).

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 9 балл

70-89 % - 6 балл

50-69 % - 3 балл

50 %-дан төмен - 0 балл

22. Жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейінің индикаторын есептеу есепті кезеңде мынадай формулада индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti6 = Ui6.1 + Ui6.2 + Ui6.3 + Ui6.4$$

$Ti6$ – «Жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі» индикаторы бойынша жалпы балл саны,

$Ui6.1$ – «АГ бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту (тығыздығы төмен липопротеидтерді анықтау, несептің бір реттік бөлігіндегі креатининді анықтау және несептегі альбумин-креатининнің арақатынасын (бұдан әрі – АКҚ) есептеу үшін несептің бір реттік бөлігіндегі микроальбуминді анықтау, шумақшалық сүзілу жылдамдығын (бұдан әрі – ШСЖ) есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui6.1 = AC(s)/AC * 100 \%$$

$AC(s)$ – тоқсан ішінде 4 ҚД көрсетілетін қызметін алған АГ бар пациенттердің саны:

- 1) төмен тығыздықтағы липопротеидтерді анықтау
- 2) АКҚ есептеу үшін несептің бір реттік бөлігіндегі креатининді айқындау
- 3) АКҚ есептеу үшін зәрдің бір реттік бөлігіндегі микроальбуминді анықтау
- 4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау

AC – тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны.

Нәтижесі:

20 % және одан жоғары – 4 балл

10-19 % - 2 балл

10 -дан төмен – 0 балл

$Ui6.2$ - «ИФТ-әдісімен қан сарысуындағы ЖИА, СЖЖ (эхокардиография, созылмалы жүрек функциясы жеткіліксіздігінің диагностикасы pro-BNP (натрийуретикалық пептидтер) бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$Ui6.2 = AC(p)/AC * 100 \%$$

$AC(p)$ - тоқсан ішінде 2 КД қызмет алған ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің саны:

- 1) эхокардиография
- 2) ИФТ-әдісімен қан сарысуындағы pro-BNP (натрийуретикалық пептидтер) созылмалы жүрек функциясы жеткіліксіздігінің диагностикасы

AC – тоқсан ішінде ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқаудағы пациенттер саны.

Нәтижесі:

10 % және одан жоғары – 4 балл

5-9 % - 2 балл

5 %-дан төмен – 0 балл

U_{i6.3} – «АДҚ қамтылған (гипотензивті қарсы препараттар (бета-блокаторлар, АТФ ингибиторлары) АГ бар пациенттердің үлесі» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$U_{i6.3} = AC(z)/AC * 100 \%$$

$AC(z)$ – тоқсан ішінде АДҚ қамтылған АГ диагнозы қойылған динамикалық байқаудағы пациенттер саны,

AC – тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқауда болған пациенттер саны.

Нәтижесі:

70 % және одан жоғары – 4 балл

60-69 % - 2 балл

50-59 % - 1 балл

50 % - дан төмен - 0 балл

U_{i6.4} – «АДҚ қамтылған (антикоагулянттар, статин, диуретикалық (торасемид және спиронолактон, жүрек гликозидтер) ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің үлесі» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$U_{i6.4} = AC(d)/AC * 100 \%$$

$AC(d)$ – тоқсан ішінде АДҚ қамтылған ЖИА, СЖЖ диагнозы бар динамикалық байқаудағы пациенттердің саны,

AC – тоқсан ішінде ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны,

Нәтижесі:

70 % және одан жоғары - 4 балл

60-69 % - 2 балл

50-59 % - 1 балл

50 % - дан төмен - 0 балл

$U_{i6.5}$ – «Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде динамикалық байқаумен алғаш рет анықталған АГ, ЖИА, СЖЖ бар пациенттерді қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$U_{i6.5} = AC(h)/AC * 100 \%$$

$AC(h)$ – тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқауға алынған пациенттер саны,

AC – тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ алғаш рет анықталған стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары - 4 балл

80-89 % - 2 балл

70-79 % - 1 балл

70 %-дан төмен - 0 балл

$U_{i6.6}$ – «Тәулік бойы стационарларда динамикалық байқаудағы жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, АГ, ЖИА және ҚЖА бар емделіп шыққандар саны» кіші индикаторы бойынша балл саны

Тәулік бойы стационарларда емделіп шыққандар (шұғыл тәртіппен емдеуге жатқызылған) жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, осы Қағидалардың 5-қосымшасының 4-кестесіне сәйкес нозологиялар бойынша АГ, ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқаудағы пациенттер болған кезде – 0 балл, Болмаған жағдайда – 5 балл.

23. II типті қант диабеті асқынулары бар науқастарды (бұдан әрі - II типті ҚД) емдеуге жатқызу деңгейінің индикаторын есептеу есепті кезеңде мынадай формулада индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti7 = Ui7.1 + Ui7.2 + Ui7.3 + Ui7.4 + Ui7.5$$

$Ti7$ – «II типті қант диабеті асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі (бұдан әрі II типті ҚД)» индикаторы бойынша жалпы балл саны

$Ui7.1$ – «II типті ҚД бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту (қандағы гликатталған гемоглобинді анықтау, зәрдегі креатининді анықтау, зәрдегі микроальбуминді анықтау, ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау)» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui7.1 = DM(s)/DM * 100 \%$$

$DM(s)$ – тоқсан ішінде 4 ҚД көрсетілетін қызмет алған II типті ҚД бар пациенттердің саны:

- 1) қандағы гликерленген гемоглобинді анықтау
- 2) АКҚ есептеу үшін несептің бір реттік бөлігіндегі креатининді анықтау
- 3) АКҚ есептеу үшін несептің бір реттік бөлігіндегі микроальбуминді анықтау
- 4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау

DM – учаскедегі II типті ҚД бар динамикалық байқаудағы пациенттер саны.

Нәтижесі:

20 % және одан жоғары – 5 балл

10-19 % - 2 балл

10 %-дан төмен – 0 балл

U_{i7.2} – «Офтальмоскопия» көрсетілетін қызметімен II типті ҚД бар пациенттерді қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$U_{i7.2} = DM(o)/DM * 100 \%$$

$DM(o)$ – тоқсан ішінде офтальмоскопия көрсетілетін қызметін ҚД алған, II типті ҚД бар пациенттердің саны,

DM – күніне учаскеде II типті ҚД бар пациенттердің саны (E11.3 және E11.7 қоспағанда).

Нәтижесі:

20 % және одан жоғары - 5 балл

10-19 % - 2 балл

10 %-дан төмен – 0 балл

U_{i7.3} – «АДҚ қамтылған II типті ҚД бар пациенттердің үлесі» кіші индикаторы бойынша балл саны, мынадай формулада есептеледі:

$$U_{i7.3} = DM(p)/DM*100 \%$$

$DM(p)$ - тоқсан ішінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілген II типті ҚД диагнозы бар динамикалық байқаудағы пациенттердің саны,

DM – күніне учаскеде II типті ҚД бар динамикалық байқаудағы пациенттердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 5 балл

80-89 % - 3 балл

70-79 % - 1 балл

70 %-дан төмен – 0 балл

U_{i7.4} – «Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде динамикалық байқаумен алғаш рет анықталған II типті ҚД бар пациенттерді қамту» кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$U_{i7.4} = DM(tr)/DM(t) * 100 \%$$

$DM(tr)$ - тоқсан ішінде II типті ҚД диагнозымен динамикалық байқауға алынған пациенттердің саны,

$DM(t)$ - тоқсан ішінде алғаш рет анықталған II типті ҚД бар стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары - 5 балл

80-89 % - 3 балл

70-79 % - 1 балл

70 %-дан төмен - 0 балл

Uі7.5 – «II типті ҚД асқынулары бар II типті ҚД динамикалық байқауда тұратындар қатарынан тәулік бойы стационарларда емделіп шыққан пациенттердің саны» кіші индикаторы бойынша балл саны

Осы Қағидалардың 5-қосымшасының 5-кестесіне сәйкес тәулік бойы стационарларда емделіп шыққан (шұғыл тәртіппен емдеуге жатқызылған) нозология бойынша II типті ҚД асқынулары бар пациенттер болған кезде – 0 балл,

Болмаған жағдайда – 5 балл.

24. МСАК субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу бонустар жүйесі бойынша 4-қосымшаға сәйкес МСАК субъектісінің қызметі нәтижелерінің қол жеткізілген индикаторлары негізінде олардың қызметін бағалаудың қосымша нәтижелері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, 1 бонустың мәні 5 АЕК ретінде айқындалады.

25. Бекітілген халық арасында бактериологиялық растауымен өкпеде орналасқан диагностикаланған туберкулезі бойынша индикаторды есептеу есепті кезеңде мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$Ti4 = Nt * B$$

$Ti4$ – осы Қағидалардың 5-қосымшасының 6-кестесіне сәйкес «Бактериологиялық растауы бар диагностикаланған өкпеде орналасқан туберкулезі» индикаторы бойынша сома,

Nt – есепті тоқсандағы бактериологиялық растауы бар диагностикаланған өкпеде орналасқан туберкулез жағдайларының саны,

B – учаскедегі жағдайды анықтағаны үшін есептелетін сома, теңге.

26. Бекітілген халық арасында 0-1 сатыдағы қатерлі ісіктің алғаш анықталған жағдайлары бойынша индикаторды есептеу есепті кезеңде мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$Ti5 = Nc * B$$

$Ti5$ – осы Қағидалардың 5-қосымшасының 7-кестесіне сәйкес «0-1 сатыдағы қатерлі ісіктің алғаш анықталған жағдайлары» индикаторы бойынша сома,

Nc – есепті тоқсандағы учаскеде 0-1 сатыдағы қатерлі ісіктің алғаш анықталған жағдайларының саны,

B – учаскедегі жағдайды анықтағаны үшін есептелетін сома, теңге

27. Көтермелеудің қорытынды сомасына мынадай шарттарға сәйкес Pv түзету жас коэффициенті қолданылады:

1,0 – учаскеде бекітілген халық саны 18 жастан 22 жасқа дейін 10 %-ға дейін,

0,6 – учаскеде бекітілген халық саны 18 жастан 22 жасқа дейін 11-ден 39%-ға дейін,

0,2 – учаскеде бекітілген халық саны 18 жастан 22 жасқа дейін 40-тан 69%-ға дейін,

0 – учаскеде бекітілген халық саны 18 жастан 22 жасқа дейін 70-тен 100%-ға дейін.

28. МСАК субъектілерінің аумақтық учаскелерінің деңгейіне дейін БК сомасын есептеу осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек тарифіне қосымша компонент» медициналық ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МКҚК) автоматтандырылған режимде тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін, бұл ретте ағымдағы жылдың 4-тоқсанында келесі жылдың қаңтарында жүзеге асырылады.

29. Көтермелеу туралы ұсынымдар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес көтермелеу сомаларын саралауға сәйкес қалыптастырылады және Комиссияның қарауына тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін енгізіледі.

30. МСАК жұмыскерлеріне БК сомасын бөлу туралы шешімді Комиссия көтермелеу туралы ұсынымның негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-

күнінен кешіктірмей қабылдайды, ол комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және тиісті бұйрық шығару үшін МСАК субъектісінің кадр қызметіне беріледі.

31. Жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі немесе дәрігерлік амбулаторияның (Дербес отбасылық денсаулықтың орталығының), МСАК орталығының басшысы (жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің және (немесе) учаскелік қызметтің меңгерушісі лауазымы болмаған кезде) аумақтық учаскенің дәрігерімен келісуі бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісінің аумақтық учаскенің мынадай жұмыскерлерін көтермелеу туралы ұсынымды қалыптастырады:

аумақтық учаскенің дәрігері;

учаскелік қызметтің жалпы және кеңейтілген практикасының мейіргері (аға), аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін фельдшерлер, оның ішінде өз бетінше мейіргерлік қабылдау;

акушер-гинеколог, акушер олардың мультипәндік топтың жұмысына қосқан үлесіне сәйкес;

әлеуметтік жұмыскер мен психолог, олардың мультипәндік топтың жұмысына қосқан үлесіне сәйкес.

Ұсыным көрсетілген қызметкерлердің БІК индикаторларына қол жеткізуге қосқан үлесі және олардың мультипәндік топтың жұмысына тиімді қатысуы ескеріле отырып қалыптастырылады.

32. Акушер-гинекологқа БІК сомасын есептеу дәрігерлік персоналдың БІК орташа сомасынан, жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің және (немесе) учаскелік қызметтің жетекшілік ететін аумақтық учаскелерінің жалпы және кеңейтілген практика БІК орта сомасынан акушерге 0,5-тен аспайтын арақатынаста жүзеге асырылады және оны жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі немесе дәрігерлік амбулаторияның басшысы (Дербес отбасылық денсаулық орталығының), МСАК орталығы (Жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі лауазымы болмаған кезде) айқындайды.

33. Жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі немесе дәрігерлік амбулаторияның (Дербес отбасылық денсаулық орталығының), МСАК орталығының басшысы (жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің меңгерушісі және (немесе) лауазымы болмаған кезде) аумақтық учаскенің дәрігерімен келісуі бойынша БК индикаторларына қол жеткізгені үшін жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің аға мейіргеріне көтермелеу туралы ұсынымды осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

Жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің аға мейіргеріне БК сомасын есептеу жетекшілік ететін бөлімшенің мейіргерлерінің БК орташа сомасынан 1,0-ден аспайтын арақатынаста жүзеге асырылады.

34. МСАК субъектісінің басшысы пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысымен келісуі бойынша БК индикаторларына қол жеткізгені үшін жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісіне көтермелеу туралы ұсынымды осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

Жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісіне БК сомасын есептеу жетекшілік ететін бөлімшенің БК дәрігерлік персоналының орташа сомасынан 1,0-ден аспайтын арақатынаста жүзеге асырылады және МСАК субъектісінің басшысы немесе оның орынбасары айқындайды.

35. Дәрігерлік амбулаторияның (Дербес отбасылық денсаулық орталығының) басшысына, бекітілген халықтың 8 аумақтық учаскесіне қызмет көрсететін МСАК субъектісінің басшысына (жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесінің меңгерушісі лауазымы болмаған кезде) БК сомасының мөлшері, комиссияның шешімі бойынша МСАК субъектісінің дәрігерлік персоналы БК орташа сомасының 1,0-ден аспайтын арақатынасында айқындалады және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БК индикаторларына қол жеткізгені үшін дәрігерлік амбулаторияның (Дербес отбасылық денсаулық орталығының) немесе медициналық-санитариялық алғашқы көмек субъектісінің басшысына көтермелеу мөлшерін айқындау туралы хаттама түрінде комиссия рәсімдейді.

36. Есепті кезінде МСАК қызметкерінің ҮК соманның төлеу комиссия шешімі бойынша жүргізілмейді

1) қаралып отырған кезен үшін алынбаған тәртіптік жаза болған кезде, бірақ ол қолданылған кезден бастап екі айдан аспайтын мерзімде

2) тиісті денсаулық сақтау субъектісінде бір айдан кем жұмыс істеген адамға

3) сынақ мерзімі кезеңінде;

4) есепті кезен аяқталғанға дейін жұмыстан босатылған кезде

37. Есепті кезеңде МСАК жұмыскеріне ҮК сомасын төлеу комиссияның шешімі бойынша толық емес көлемде жүргізіледі:

1) тиісті МСАК субъектісінде жалпы жұмыс мерзімі үш айдан кем болған кезде;

2) жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын қоспағанда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес 30 күннен артық күнтізбелік демалыста болған кезде;

3) еңбекке уақытша жарамсыздығы 30 күнтізбелік күннен артық болған кезінде комиссияның шешімі бойынша жүргізілмейді немесе толық емес көлемде жүргізіледі.

38. ҮК сомасын төлеу есепті кезеңде жетекшілік ететін учаскеде ана өлімі болған жағдайда: учаскесінде ана өлімі тіркелген акушер-гинекологқа/акушерге жүргізілмейді.

39. МСАК жұмыскерінде Кәсіпкерлік Кодексте айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша есептік кезеңде анықталған бұзушылықтар болған жағдайда, оған ҮК сомасын төлеу МСАК субъектісі басшысының шешімімен айқындалады.

40. Егер есептік кезеңде аумақтық учаске шарттарында қызметтер көрсететін жұмыскерлерді ынталандыруға арналған ҮК сомасы толық көлемде бөлінбесе, онда ҮК сомасының қалдығы комиссияның шешімі бойынша осы есепті кезеңде аумақтық учаске шарттарында қызметтер көрсететін ең көп ерекшеленген жұмыскерлерді:

олар жұмыста жоғары нәтижелерге жетсе;

Кәсіпкерлік Кодексте айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша және Кодекстің 35-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметінің ішкі сараптама нәтижелері бойынша бұзушылықтар болмаған;

олар толық жұмыс істеген күндері болған жағдайда;

Қордың аумақтық бөлімшелерінің медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау бойынша жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша бұзушылықтар болмағанда қосымша ынталандыруға бағытталады.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық
сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу
қағидаларына
1-қосымша

**Денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу мәселелері
жөніндегі комиссия отырысының
№ ____ хаттамасы**

_____ (денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

20 __ жылғы «__» _____ бастап 20 __ жылғы «__» _____ дейінгі кезең

қатысқандар:

Төраға _____

Комиссия мүшелері _____

Күн тәртібі:

1. Сараланған төлем түрінде көтермелеуге кандидатураларды ұсынуды қарау;
2. МСАК субъектісі қызметінің нәтижелерін ынталандырушы компонент қаражаты есебінен көтермелеуге кандидатуралар ұсынуды қарау (МСАК субъектілерінде)

Сөз сөйлегендер:

Комиссия шешімі:

Төраға

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

Комиссия құрамында:

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

_____ / _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы) (қағаз тасығыштағы ақпарат үшін)

**Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық
сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу
қағидаларына
2-қосымша**

**Денсаулық сақтау субъектісінің медицина жұмыскерлерінің қызметін
бағалау өлшемшарттары**

р /с №	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат көзі	Әсері
1	Пациенттердің құқықтарының бұзылуына байланысты негізделген жазбаша және ауызша шағымдардың болуы	Ұйым басшысының Келушілерді қабылдау журналы, азаматтардың жазбаша өтініштерін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогына жүгінулерді есепке алу журналы, СЭБК, МФБК тексеру парақтары мен актілері	Төмендеу
2	Емдеу мен диагностикалау нәтижесінде туындаған алдын алуға болатын өліммен аяқталған жағдайлардың, асқынулардың, оның ішінде пациенттің мүгедектігіне әкелген жағдайлардың бар болуы	Стационарлық науқастың статистикалық карталары, Пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысы бекіткен бөлімше меңгерушісінің немесе комиссияның қорытындысы, сараптамалық тексеру актілері, ӨЗЖК* отырыстарының хаттамалары және СЭБК, МФБК тексеру парақтары мен актілері	Төмендеу
3	Мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтардың болуы	СЭБК, МФБК-тың тексеру парақтары мен актілері	Төмендеу
4	Пациенттердің қайта жоспарланбаған келіп түсу жағдайларының болуы (сараптамамен расталған)	Стационарлық науқастың электрондық тіркелімі Қазақстан Республикасының осы және басқа да стационарларына осы бір ауру себебі бойынша емделіп шыққан күннен бастап бір айдың ішінде қайта емдеуге жатқызу жағдайлары	Төмендеу
5	Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың қайшы келу жағдайларының болуы	Патологиялық-анатомиялық зерттеудің хаттамасы мен патологиялық-анатомиялық конференция отырысының хаттамасы	Төмендеу
6	Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді енгізу	Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі, Алдағы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде орындалған ЖТМҚ-ның саны	Ұлғаю
7	Бактерия бөлетін науқастарды емдеу процесінде қақырық жағындысының конверсиясына қол жеткізу**	Туберкулезге шалдыққан науқастың медициналық картасы, Туберкулезге шалдыққан науқастардың ұлттық тіркелімі	Ұлғаю
8			Ұлғаю

	Туберкулезге шалдыққан науқастардың туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауды өткізіп алмау**	Туберкулезге шалдыққан науқастың медициналық картасы, Туберкулезге шалдыққан науқастардың ұлттық тіркелімі	
9	18 жасқа дейінгі аборт жасау жағдайлары	Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – Емхана: Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен амбулаториялық пациенттің медициналық картасы.	2.7-ден аз
10	Бекітілген халық қатарынан қант диабетінің асқынуларымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	СНЭТ: Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы.	Төмендеу
11	Бекітілген халық қатарынан созылмалы расталған темір тапшылығы анемиясымен емдеуге жатқызылған науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	СНЭТ: Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен стационардан шыққан адамның статистикалық картасы.	Төмендеу

Пайдаланылатын аббревиатуралар:

ЖТМҚ - жоғары технологиялық медициналық қызметтер;

МФБК - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті;

ӨЗЖК – өлімді зерттеу жөніндегі комиссия;

СЭБК - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті;

СНЭТ - стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық
сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметінің нәтижелерін бағалау жөніндегі комиссия төрағасы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Көтермелеу туралы ұсыным

20__ жылғы «__» ____ бастап 20__ жылғы «__» ____ дейінгі кезең

Бөлімшенің атауы _____

Р /с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Атқаратын лауазымы	Нәтижеге қол жеткізудің жоспарлы деңгейі	Нәтижеге қол жеткізудің нақты деңгейі	Нәтижеге қол жеткізудің %ы	Сараланған үстеме ақының сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7

Көтермелеу туралы ұсынымды
жасаған жауапты адам:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) /қолы)

(қағаз тасымалдағышта ұсыну үшін)

20__ жылғы «__» ____

**Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық
сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу
қағидаларына
4-қосымша**

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және
(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде
медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау
субъектісі қызметінің нәтижелерінің индикаторлары**

Инди-ка-тор-дың №	Индикатор-дың атауы	Кі-ші-ин-ди-ка-тор-дың №	Кіші индикатор-дың атауы	Есептеу әдісі			Жос-пар-лы мәні	Кү-ті-ле-тін әсер
				алым	бөлгіш	кө-бейту		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ана өлімі (АӨ болмаған жағдайда, есептеу индикаторлар бойынша жүргізіледі)			Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында ана өлімі жағдайларының саны			0	Болмауы
		1.1	Жүктілік бойынша 10 аптаға дейінгі мерзімде ерте есепке қою	Тоқсан ішінде жүктілік бойынша есепке алынған жүктілік мерзімі 10 апта 6 күн дейінгі әйелдер саны	Тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны	100 (%)	50%	Ұлғаю
		1.2	Жүктілік кезінде алғаш рет диагноз қойылған экстрагени-тальды аурулары бар жүкті әйелдердің үлес салмағы	Жүктілік кезінде алғаш рет ЭГА диагнозы қойылған, тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны	Тоқсан ішінде есепке алынған ЭГА бар жүкті әйелдердің саны	100 (%)	20 артық емес%	Төмендеу
		1.3	Жүктіліктің алдындағы дайындықпен қамтылған жүктілік	Бұрын жүктіліктің алдындағы дайындықпен қамтылған,	Тоқсан ішінде есепке алынған жүкті әйелдердің саны	100 (%)	50%	Ұлғаю

			бойынша есепке алынған әйелдердің үлесі	тоқсан ішінде жүктілік бойынша есепке алынған әйелдердің саны				
		1.4	Ауыр жағдайда жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің емделіп шыққан жағдайларының саны (босанғаннан кейін 42 күнге дейін)	Ауыр жағдайда тоқсан ішінде емделіп шыққан жүкті және босанғаннан кейінгі әйелдердің саны (босанғаннан кейін 42 күнге дейін)			0	Болмауы
2	МСАК деңгейінде алдын алуға болатын нәресте өлімі (НӨ болмаған кезде есептеу индикаторлар бойынша жүргізіледі)			Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында сараптамамен расталған МСАК деңгейінде алдын алуға болатын 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің саны			0	Болмауы
		2.1	Босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте жаңа туған нәрестелерді патронаждық барумен қамту	Тоқсан ішінде босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте патронаждық барумен қамтылған жаңа туған нәрестелер саны	Тоқсан ішінде стационардан шығарылған босанған әйелдердің саны	100 (%)	90%	Ұлғаю
		2.2	Жүктілік мерзімі бойынша пренаталды скринингпен қамту	Тоқсан ішінде мерзімді пренаталды скринингтен өткен әйелдер саны	Тоқсан ішінде есепте тұрған жүкті әйелдердің саны	100 (%)	90%	Ұлғаю
3	Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңімен қамту			Тоқсан ішінде МСАК-та аудиологиялық скринингтің 2 кезеңінен өткен 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны	Тоқсан ішінде динамикалық байқаудағы балаларды қоспағанда, учаскеде бекітілген 1 жас, 2 жас, 3 жас және 6 жас аралығындағы балалардың саны (кеткендерді ескере отырып).	100 (%)	90%	Ұлғаю
4	Бактериологиялық растауы бар диагностикаланған өкпеде орналасқан туберкулез			Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында өкпе туберкулезінің алғаш анықталған жағдайларының саны			әр жағдай үшін 5 АЕК	Болуы
5	0-2а сатыдағы қатерлі өспелердің алғаш рет анықталған жағдайлары			Тоқсан ішінде бекітілген халық арасында 0-2а – сатылы қатерлі өспе диагнозымен алғаш рет анықталған жағдайлардың саны			әр жағдай үшін 5 АЕК	Болуы

6	Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	6.1	АГ бар науқастарды қамту: 1) тығыздығы төмен липопротеидтерді анықтау, 2) АКҚ есептеу үшін бір реттік зәрдегі микроальбуминді анықтау, 3)АКҚ есептеу үшін бір реттік зәрдегі креатининді анықтау 4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау	Тоқсан ішінде 4 ҚД қызмет алған АГ бар пациенттердің саны	Тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны	100 (%)	20%	Ұлғаю
		6.2	ЖИА, СЖЖ бар пациенттерді қызметтермен қамту 1) эхокардиография 2) ИФТ-әдісімен қан сарысуындағы рго-BNP (натрийуретикалық пептидтер) созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің диагностикасы	Тоқсан ішінде 1 ҚД қызмет алған ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің саны	Тоқсан ішінде ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны	100 (%)	10%	Ұлғаю
		6.3	АДҚ-мен қамтылған АГ бар пациенттердің үлесі 1)гипертензияға қарсы препараттар (бета-блокаторлармен, АӨФ-тежегіштерімен)	Тоқсан ішінде АДҚ қамтылған АГ диагнозы қойылған динамикалық байқаудағы пациенттер саны	тоқсан ішінде АГ-мен динамикалық байқаудағы пациенттер саны	100 (%)	70%	Ұлғаю
		6.4	АДҚ қамтылған ЖИА, СЖЖ бар пациенттердің үлесі 1)антикоагулянттар, 2)статин, 3)диуретикалық (торасемид және спиронолактон, 4) жүрек гликозидтер	Тоқсан ішінде АДҚ қамтылған ЖИА, СЖЖ диагнозы бар динамикалық байқаудағы пациенттердің саны,	Тоқсан ішінде ЖИА-АГ СЖЖ динамикалық байқаудағы пациенттер саны,	100%	70%	Ұлғаю
		6.5	Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде динамикалық байқаумен алғаш рет анықтал-	Тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ-мен динамикалық байқауға алынған пациенттердің саны	Тоқсан ішінде АГ, ЖИА, СЖЖ алғаш рет анықталған стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны	100%	90%	Ұлғаю

			ған АГ, ЖИА, СЖЖ бар пациенттерді қамту					
		6.6	Тәулік бойы стационарларда жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, АГ, ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқауда тұрғандар қатарынан емделіп шыққандар саны	Тәулік бойы стационарларда жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының асқынулары бар, АГ, ЖИА және СЖЖ бар динамикалық байқауда тұрғандар қатарынан емделіп шыққандар саны			0	Болмауы
7	II типті қант диабеті асқынулары бар науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	7.1	II типті ҚД бар пациенттерді көрсетілетін қызметтермен қамту: 1) қандағы гликирленген гемоглобинді анықтау 2) АҚК есептеу үшін несептің бір реттік бөлігіндегі креатининді анықтау 3) АҚК есептеу үшін зәрдің бір реттік бөлігіндегі микроальбуминді анықтау 4) ШСЖ есептеу үшін қан сарысуындағы креатининді анықтау	Тоқсан ішінде 4 ҚД қызмет алған II типті ҚД бар пациенттердің саны	Күні учаскеде II типті ҚД бар динамикалық байқауда тұрған пациенттердің саны	100 (%)	20%	Ұлғаю
		7.2	II типті ҚД пациенттерін «офтальмоскопия» көрсетілетін қызметімен қамту	Тоқсан ішінде офтальмоскопия көрсетілетін қызметті ҚД алған II типті ҚД бар пациенттердің саны	Күні учаскеде II типті ҚД бар пациенттердің саны (11.3 және 11.7 қоспағанда)	100 (%)	20%	Ұлғаю
		7.3	АДҚ-мен қамтылған II типті ҚД бар пациенттердің үлесі	Тоқсан ішінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілген II типті ҚД диагнозымен динамикалық байқаудағы пациенттердің саны	Күні учаскеде II типті ҚД бар динамикалық байқауда тұрған пациенттердің саны	100 (%)	90%	Ұлғаю
		7.4	Стационардан шығарылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде стационарлық деңгейде алғаш рет анықталған II типті ҚД бар пациенттерді динамика-	Тоқсан ішінде II типті ҚД диагнозымен динамикалық байқауға алынған пациенттер саны	Тоқсан ішінде алғаш рет анықталған II типті ДМ бар стационарда емделіп шыққан пациенттердің саны	100 (%)	90%	Ұлғаю

			лық байқаумен қамту					
		7.5	Тәулік бойы стационарларда II типті ҚД динамикалық байқауда тұратындар қатарынан II типті ҚД асқынулары бар емделіп шыққандардың саны	Тәулік бойы стационарларда II типті ҚД динамикалық байқауда тұратындар қатарынан II типті ҚД асқынулары бар емделіп шыққандардың саны			0	Болмауы

Пайдаланылатын аббревиатуралар:

АГ - артериялық гипертензия

АДҚ - амбулаториялық дәрі дәрмекпен қамтамасыз ету

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

АӨ - ана өлімі

АТФ ингибиторлары - ангиотензин түрлендіретін фермент ингибиторлары

ЖИА - жүректің ишемиялық ауруы

ҚД - қант диабеті

МСАК – медициналық-санитариялық алғашқы көмек

НӨ - нәресте өлімі

СЖЖ - созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі

ЭГА - экстрагенитальдық аурулар

**Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық
қызметтер көрсететін денсаулық
сақтау субъектілерінің
жұмыскерлерін көтермелеу
қағидаларына
5-қосымша**

**Медициналық-санитариялық алғашқы көмек субъектісі жұмысының қол
жеткізген нәтижелерін бағалау индикаторларын есептеу кезінде ескерілетін
нозологиялардың тізбелері**

1-кесте. Жүкті және босанған әйелдердің ауыр жағдайлары бойынша (босанғаннан кейін 42 күнге дейін) нозологиялардың тізбесі	
АХЖ-10 коды	Диагноздың атауы
O14.1	Ауыр преэклампсия
O14.2	HELLP синдромы
O15.0	Жүктілік кезіндегі жүктілік талмасы
O15	Эклампсия
